

Жыл мезгілі ұқсайды дөңгелекке

Ұйқыда,

Алып жер, әлдеқашан кеткен қалғып,
Аласұрып ақ аяз мінді қарғып.
Аяңдап, аппақ қар да қымтап алды,
Алпамсадай жаһанды ызғыр қарпып.

Көк жиек бұлдырланып, тұман басты,
Көз байлап, қараңғылық белден асты.
Көк долы бұрқыраған боран тұрып,
Көрсетіп қыс қаһарын анық ашты.

Шыр бітпестен қара жер мазаланды,
Шым-шытырық түстермен жазаланды.
Шытынап, сықырлаған сары аяздың,
Шырмауынан оянып тазаланды.

Мұз көрпесі ереді күн көзінен,
Мазасыздық ғайып болып түсінен.
Мойнынан жалы кеткен Жер ананы,
Мейірімді көктем келіп түсінген.

Қауқарын наурыз берер баға жетпес,
Құстарын сәуір шырқар әні бітпес.
Құлпыртып жақұт желек жауып қойып,
Қызығын мамыр сыйлар сәні бітпес.

Жайнады жер көктен күн көрінгенде,
Жайдарлы жаз шуағы төгілгенде.
Жанарында кірбің жоқ жасыл мезгіл,
Жайдың атқан тасындай көңілдене.

Іңкәр қылып, жаз жарқылы тарады,
Ілтифатпен баурап кетіп барады.
Ізіменен сағым сәтті тәмамдап,
Інісі боп, күз жақындап қарады.

Самал есіп, қызу еңбек қайнады,
Сары дала алтындай боп жайнады.
Сағынышпен жылына бір көретін,
Сән ғой шіркін, егістіктің майданы!

Көңілді боп дүние жатып еді,
Көпсінді ме, күз қабақ қатып келді.
Күн күркіреп, найзағай жарқ-жұрқ етіп,
Көктен нөсер, жерден сел ағып берді.

Қайғы басып, күрсініп, күңіренді,
Қуатынан айрылып еңіреді.
Қара жерге ызғырық ызғар жетіп,
Қайтадан ұйқы арбап түңіледі.

Жыл он екі ай осылай болып құмар,
Жолын алып өзінше билік құрар.
(Жыл мезгілі дейтұғын дөңгелекте),
Жерде жүрген жандардың бәрі тұрар.